

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Иванова Р.Г. Савич Т.З. Чертков И.Н. Самостоятельные работы по химии. М.: Просвещение, 1982. – 10 с.
2. Нифантьев Э.Е. Цветков Л.А. Органикалық химия, 2000. – 201 с.
3. Чернобелская Г.М. Методика обучения химии в средней школе, 2000. – 95 с.

ӘОЖ 378.147

<https://doi.org/10.53355/o9472-2910-8578-x>

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Бекен А., студент

Ғылыми жетекші: Машанова С.М., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: beken.alihan@bk.ru

Мақалада қара сөздердің қазақ тілінен ағылшын және орыс тілдеріне аударудағы ерекшеліктер қарастырылған. Салыстырмалы түрде қара сөздерде кездесетін мақал-мәтелдердің үш тілде ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетілген. Зерттеу барысында мақал-мәтелдердің аудару тәсілдері анықталған.

Тірек сөздер: қара сөз, мақал-мәтел, ағылшын тілі, аудару, ерекшеліктер, салт-дәстүрлер, қазақ халқы, салыстыру.

В статье рассматриваются особенности перевода философских назиданий Абая с казахского на английский и русский языки. При сопоставлении выявлены общее и различное в переводе пословиц и поговорок, а также определены способы перевода казахских пословиц и поговорок на английский и русский языки.

Ключевые слова: слова назидания, пословицы, сопоставление, английский язык, перевод, особенности, традиции и обычаи.

The article deals with the peculiarities of translation of philosophical proverbs of Abai from Kazakh into English and Russian languages. In the comparative plan the common and different in the translation are revealed, as well as the ways of translation of proverbs into English and Russian languages are determined.

Key words: proverbs, comparison, Kazakh, English, translation, traditions and customs.

Ұлы ақын Абай Құнанбаев өзінің қара сөздерінде әлеуметтік, діни және көркемдік көзқарастарын айқын білдірген. Абайдың қара сөздерін «**Ғақлия**» деп те атаған (Ғақлия араб тілінен «дана сөз», «даналық маржасан сөздер» деп аударылады. Ол терең ойлармен пікірлер, көркем сөздер). Ғақлиялары бір бағытта ғана жазылған жоқ, олардың тақырыптары әр алуан болған. Ақын бұл прозалық шығармасында өзінің тіл байлығын және де философиядағы даналығын ерекшелеп көрсете алған. Жалпы алғанда қырық бес айрықша шығармадан тұрады, соның ішінде бірі қысқа болса, екіншісі мағынасы жағынан ауқымды болып жазылған. Абай қара сөздерін жазған уақытта шығарманы әдемі етіп қана қоймай, оның мән-мазмұнын терең білдіре алған. Ең алғаш қара сөздері 1918 жылы Семейдегі «*Абай*» атты журналда жарық көрген. Бертін келе Абайдың ғақлиялары көптеген тілдерге тәржімаланған.

Мұхтар Әуезов қарасөз туралы: «Жалпы алғанда Абайдың қарасөз дейтін мұралары көркем прозаның өзінен бөлек, бір алуаны болып қалыптасады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Стил, мазмұн жағынан алғанда осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуаны

көркем сөз түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді» деген пікір қалдырған болатын. [1, 218 – 219 б.]

Ал енді Абайдың осындай керемет туындысын талдап көрелік. Үшінші сөзін алып қарайтын болсақ, бұл сөзінде қазақ халқының өзара келіспеушіліктері мен билікке таласы жайлы айтылған және де қазақ хандығы кезіндегі заңдар туралы сөз қозғалған. Дәл осы жағдайлар Күлтөбенің басында кеңес өткізіліп жүрген кезеңдерде орын алған. Тіліміздегі тұрақты тіркеске айналған бұл сөз сонау «Ақтабан шұбырынды...» заманында шыққан. Сол кезде қазақ хандары мен сұлтандары, билері мен батырлары Мәртөбе мен Күлтөбенің басына жиналып кеңес құрған. Тарихи деректерге сүйенсек, бұл кезең 1684 жыл мен 1723 жылдың арасына сәйкес келеді екен. Енді «Күлтөбе қай жерде?» деген сұраққа келейік. Мәртөбе оңтүстік өңірдегі Сайрам қаласының маңында, ал Күлтөбе Тәшкен іргесіндегі Піскент ауданының аумағында, Ангрен өзенінің жағасында. [2, 346.]

Осы сөздегі **"Қасым ханның қасқа жолы"** мен **"Есім ханның ескі жолын"** не себепті Қасым ханның заңдар жинағын *"қасқа жол"*, ал Есім ханның заңдар жинағын *"ескі жол"* деп атағанын қарастырайық.

Қазақтың жарғысынан кейін Қасым хан қазақ халқының алғашқы заңы *«қасқа жолды»* жарыққа шығарады. Бұл заң сол кезеңдегі ислам дінінен өзгешеленетін, байырғы көшпелі қазақ өміріне сай жасалған заң болды. Сондықтан да, ол Қасым ханның атымен байланыстырылып аталған болатын. *Қасқа* деп көшпелі қазақ өмірінде маңызы зор жануар – жылқы малының маңдайындағы ақ теңбіл белгіні атайды. Күнделікті өмірде жиі кездесетін *«жирен қасқа айғыр»*, *«торы қасқа құнан»*, - деген атаулар қасқа сөзінің қандай мағынада қолданылатынын көрсетеді. Дәл осы мағынаны негізге ала отырып *«Қасқа жол»* деген сөз тіркесі халықты адастырмайтын тура жол, бақытқа жетелейтін сара жол деген мағынаны беретінін білеміз. Сөз құдіретін қастерлеген бабаларымыз Қасым ханның заңдар жинағын тура, ақ жолға балағанын, аты қысқа болғанымен терең мазмұнды екенін байқаймыз. Керекті толықтырулар мен өзгерістер енгізілгеннен кейін, бір ғасырдай күшінде болған **«Қасым ханның қасқа жолы»** Есім хан билікке келісімен **«Есім ханның ескі жолы»** деп атала бастады. Бұл ережелер бұрыннан келе жатқан дәстүрлі жолмен жасалғандығынан *"Ескі заң"* деп аталған болса керек.

Осы деректерге сүйене отырып **"Қасым ханның қасқа жолы"** және **"Есім ханның ескі жолы"** ағылшын тілінде:

Kasym-khan's "Radiant Pathway" (қазақ тілі мен орыс тіліне жолма-жол аудармасы: *жарқын жолы, лучистый путь*), [3, 124б.]

Esim-khan's "Ancient Pathway" (қазақ тілі мен орыс тіліне жолма-жол аудармасы: *ежелгі жолдары, древний путь*),

Орыс тілінде:

"Светлый путь" Касым-хана,

"Ветхий путь" Есим-хана, деп тәржімашылар барабар, яғни аудармада тілдің жанрлық-стилистикалық, құрылымдық-семантикалық, т.б. заңдылықтар мен тілдік нормаларды сақтай отырып аударма жасаған деп айта аламыз. Дальдің түсіндірме сөздігіне сүйенсек «ветхий» сөзіне төмендегідей түсініктеме береді: *«ВЕТХИЙ, исконный, доконный, древний, давний, давнишний, старый, стародавний. Ветхи Завет, все библейские книги, писанные до Рождества Христова, одинаково признаваемые евреями и христианами. Ветхий денми, Предвечный, Бог. Ветхий человек».*

Ал ақынның бесінші сөзінде мақалдар көптеп кездеседі. Мысалы, **"Түстік өмірің болса, күндік мал жиі"**, **"Өзіңде жоқ болса, акең де жат"**, **"Мал - адамның бауыр еті"**, **"Қарның ашса, қаралы үйге шап"**.

"Мал - адамның бауыр еті" деген мақал қазіргі кезде қолданыста болмағандықтан бізге таңсық естілуі мүмкін, себебі қазір **"Бала - адамның бауыр еті"** деп айтамыз. Бұл жерде малды адамның бауыр етіне теңеу себебі, қазақ тұрмысында сол заманда малдың алатын орны ерекше болған. Жесе ет, мінсе көлік, сауса сүт, қырықса жүн, айта берсе

таусылмайды. Осы мақалда адамның дене мүшелерінің ішінен нақ бауырды алып қолдануы оның адам организмінде өздігінше қалыптаса алу қабілетінде.

Қазақтарда бауыр – адамның ішкі жан дүниесін көрсететін нәзік мүше. Алтай түркілері өздерінің қайғы-қуанышын немесе тағы басқа да сезімдерін бауырмен байланыстырып, сол арқылы білдірген. Мысалы, тувалықтар аяушылық танытуды **«баары ажыр»**(«*бауыры ашу*») дейді. Қазақ тілінде **«бауырдың»** орнын парсының **«жан»** сөзі басқандықтан, бұл сөз тіркесі **«жаны ашу»** боп өзгеріп кеткен. Ойланып қарасақ **«бауыр»** мен **«жан»** сөздері **«жасырын түрде»** синонимдер болып тұр.

Берілген мақалдар сипатты аударма болмағандықтан орыс тілінде өз қасиетін сақтап қалмаған: **“Если жить осталось до полудня, делай запасы на день”, “Если голоден скачи к дому где поминки”**, ал ағылшын тілінде **“If you will live no longer than noon, make provision for the whole day”, “Cattle for the Kazakh is flesh of his flesh”, “If you are famished, gallop to the place of a funeral feast”** болып көрініс тапқан, себебі ағылшын тіліндегі нұсқасы орыс тілінен аударылған, ал орыс тілінде бұндай мақал-мәтелдер жоқ. Осы аударма дәйексөз болып келеді, ол дәлме-дәл эквиваленті болмаса да аудармашы қазақ тіліндегі мақалдардың ұлттық құндылықтарын сақтай отырып жеткізе білген.

Абай атамыз кезекті қара сөзінде былай жазған болатын:

Кеселді жалқау, қылжақбас,

Әзір тамақ, әзір ас,

Сыртың - пысық, ішің - нас,

Артын ойлап ұялмас, -

болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық.

Алтыншы қара сөзінде кездесетін өлең жолдарында көк жалқау, орынсыз көп сөйлейтін, істеген ісінен сөйлеген сөзі көп, дайын дүниеге үйір, сыртынан қанша жайдары көрінгенімен, ішкі жан дүниесі бос, істеген істері үшін жауап бермейтін, алды - артын ойламайтын адамдар жайлы айтады.

Орыс тіліндегі тәржімасы:

Бездельник, лживый зубоскал,

Нахлебник и нахал.

В душе холуй, на вид удал

Не ведает стыда.

Будучи таким, не сочти себя за живого. Праведная смерть предпочтительнее такой жизни.

Ағылшын тіліндегі тәржімасы:

A loafer and a sycophant,

A hanger-on and an impudent fellow,

Valiant in his looks but craven in his heart,

Has no sense of shame...

If you are like that, do not imagine yourself to be alive. A righteous death will then be better than such an existence.

Тәржімашы орыс тілінен ағылшын тіліне аударарда мағынасын өзгертпей, барабар аударма жасап жеткізуге тырысқан [4,766.].

Жиырма тоғызыншы қара сөзінде ерекше көзге түскен бір мақалын байқаймыз. Қара сөзде берілген нұсқа мақалдың түпнұсқасынан өзгешеленеді. Абайдың шығармасында **«Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті»**- деп берілген, ал негізгі нұсқасы **«Ата-анадан қалған мал тәтті, алтынды үйден шыбын жан тәтті»** болады. Ақынның бұл мақалды өзгертуіне қандай себептер болса да, ол өзінің даналық ойларын жеткізгісі келгендіктен болар деген ойдамыз. Мақалды тереңірек зерттейтін болсақ Абайдың айтқысы келген ойы кейбір адамдар ата-анадан қарағанда мал-мүлікті артық көреді, олардан қалған дүниеге ғана қызығушылықтары болады, ата-аналарын және жақындарын бағаламайтындығы болса керек. Ал кей адамдардың осы мақалға қатысты ойы айрықша,

олардың ойыншамақалдың мағынасы Абайдың айтқанындай тек мүлікті артық көру емес, керісінше олардан қалған дүниені бағалауымыз керек, себебі ата-анаңның бөліп берген еншісі - дүниедегі ең артық мүлік, ол ата-анаңның көзі. Мақалдың екінші бөлігіндегі «...**алтын үйден жан тәтті**» сөзінің мағынасы адам қаншалықты көп дүние-мүлік жиса да, қиыншылыққа тап болған кезде осы жиған-тергенінің барлығын шыбын жанын аман алып қалу үшін құрбан етеді деген ойға келеміз.

Орыс тіліндегі тәржімасы:

«Богатая казна милее отца с матерью, Собственная жизнь дороже золотого дворца».

Ағылшын тіліндегі тәржімасы:

«A treasure chest is dearer than father and mother, but your own life is dearer than a palace of gold» (қазақ тілі мен орыс тіліне жолма-жол аудармасы: «Қазына әке мен анаға қарағанда қымбат, бірақ өзіңіздің өміріңіз алтын сарайынан гөрі қымбатырақ,»). Орыс және ағылшын тіліндегі тәржімасы адекватты болып келеді.

Қорытындылай келе хәкім Абайдың қара сөздеріндегі мақал-мәтелдер бірнеше тәсілдермен аударылғанын айта аламыз. Мақал-мәтелдер әр жеке жағдайға байланысты туған.

Сонда, мақал-мәтелдерді басқа тілге тәржімалау кезінде ескеретін жайттар - мақал-мәтелдерде кездесетін ауыспалы мағына, ұлттық колорит және өзіндік реалиялық сипатын сақтап қалуға тырысу. Аудармашылардың әрқайсысы мақал-мәтелдерді аударуды өздігінше топшылайды.

Жоғарыда айтқандай, сол мақал-мәтелдерді қолданып жүрген халықтың әдет-ғұрыбы, салт-санасы, тұрмысы, мәдени және рухани ерекшеліктері өздерінің мақал-мәтелдерінде көрініс табады. Қара сөздегі мақалдарды аудару тәсілінің ерекшеліктерінің бірі осы болып табылады.

Екіншіден, мақал-мәтел құрылымы өзінің лексикалық мағынасын сақтайтынына байланысты, өзге ұлттың мақал-мәтелі екенін ескеріп аудармашылар оларды дәлме-дәл аударған жерлері де болды.

Аудармашылар мұндай жағдайда - екі тілде де ұқсас мақал-мәтелдер болса - түпнұсқаға адал болу мақсатымен және оның өзге халыққа тиесілі екенін айқындау үшін дайын балама күйінде емес, аудару арқылы жеткізуді де қолданған.

Үшіншіден, өзге тілдегі мақал-мәтелдің образды астарын жоғалтпай, лексикалық құрамын, стильдік құрылымыдарын сақтай отырып аударған, яғни калька жолымен жаңа мақал я мәтел жасау. Мұндайда мақал-мәтелдердегі ұлттық, тарихи фактілер, географиялық атауларды сақтай отырып аудару кездеседі.

Бәлкім Абай атамыздың туындысында кездесетін мақалдарды аудару кезінде аудармашылар біршама қиыншылықтармен беттескен болар, бірақ ешнәрсеге қарамастан орыс тіліне Ролан Сейсенбаев, Сәтімжан Санбаев сынды аудармашылар осындай керемет аудармалар жасаған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. М. Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы 20 - т.,
2. Т. Баймаханова "Английские пословицы и поговорки и их эквиваленты в русском и казахском языках", 1998, -159с.
3. М. Амиржанова. Мақал-мәтелдердің аударылу ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы – Филология сериясы// N 1 – 2016.-169б.
4. Ағылшын-қазақ мақалдарының салыстырмалы сараптамасы // Мир языка. 2017.- 65 б.